

## Репродуктивті денсаулық мәселелері бойынша мамандармен кездесулер өтті

2014 жылғы қарашаның 10-24 аралығында Тәрбие жұмысы жөніндегі Департаменттің ұйымдастыруымен гинеколог дәрігер, медицина ғылымдарының кандидаты А.Ж.Мырзабекованың қыз балалармен кездесуі ұйымдастырылды. 8 күн бойы 982 қыз бала репродуктивті денсаулық, отбасы жоспарлау мәселелері бойынша білікті маманның кеңесін алды.

Кездесу барысында кездейсоқ жүктіліктің зардабы, оның болашақ ананың денсаулығына әкелетін қауіп-қатері туралы жан жақты баяндалды, Әйел адамның денсаулығының әлсіздігі және репродуктивті функциясының болашақ отбасының әлеуметтік мәселелерінің біріне айналып отырғандығы да қыз балаларға түсіндірілді. Бұл мәселені әр адамның өз денсаулығына, болашағына жауапкершілікпен қарағанда ғана шешілетіндігі баса айтылды.



